

## Ертіс ауданы Қоскөл ауылдық округі Қызылқак ауылының аймағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Ертіс ауданы Қоскөл ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 10 қазандағы № 1-22-2 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 14 қазанда № 6569 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс ауданы Қоскөл ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 1-22-3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс ауданы Қоскөл ауылдық округі әкімінің 11.12.2019 № 1-22-3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңы 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес, 2019 жылғы 14 тамыздағы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ертіс аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының № 2 ұсынысы негізінде, Қоскөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ертіс ауданы Қоскөл ауылдық округінің Қызылқак ауылының аймағында ірі қара мал арасында инфекциялық ринотрахеит ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округінің әкімі  
"КЕЛІСІЛДІ"*

*Б. Кажухатов*

*"Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігі  
Ветеринариялық бақылау және қадағалау  
комитетінің Ертіс аудандық аумақтық  
инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің  
басшысы*

*Е. Каримжанов*

*2019 жылғы "9" қазан*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК